



Биология сабағында жаңартылған білім бойынша әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану

КошкарOVA АйнуР УмиРкуловна

Нұр-Сұлтан қаласы

“№49 орта мектеп”

биология пәні мұғалімі

Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлі Назарбаевтың: «Өмір бойы білім алу – әр қазақстандықтың өмірлік кредосына айналуы қажет», - деген сөзі ұстаздарға тікелей қатысты. Өзгелерге білгенінді немесе білу керектіні үйрету үшін, алдымен, соны қалай үйретуді білу шарт. Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

«АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?»

ОҚУШЫЛАРҒА ЕКІ ТҮРЛІ МӘТІН НЕМЕСЕ ЕКІ ТҮРЛІ СУРЕТ ҰСЫНУҒА БОЛАДЫ.
ЕКЕУІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРТЫ АНЫҚТАУДЫ СҰРАҢЫЗ.

МЫСАЛЫ: «ОМЫРТҚАЛЫЛАР МЕН ОМЫРТҚАСЫЗДАР»



«АЛДЫН-АЛА БЕРІЛГЕН АТАУЛАР»

МҰҒАЛІМ САБАҚ БАСЫНДА ЖАҢА ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ТАҚТАҒА БІРНЕШЕ АТАУ (ТЕРМИНДЕР) ЖАЗЫП ҚОЙЫП ОҚУШЫЛАРҒА ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫ МЕН БАЙЛАНЫСЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАНУЫН СҰРАЙДЫ.

МӘСЕЛЕН: «**ФОТОСИНТЕЗ, ЖАСУША, ХЛОРОФИЛЛ, ТЕРЕЗЕ**»

«**ТИАМИН, БЕРИ-БЕРИ, ПЕЛЛАГРА, РЕТИНОЛ, ГЕРПЕС, ТЫРЫСҚАҚ, ЛЕЙШМАНИЯ**»

БҰЛ ӘДІСТІ САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУДА, ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН ПЫСЫҚТАУ ЖӘНЕ ЖАҢА САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫН АШУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ

«АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ҚАТАР»

МҰҒАЛІМ ТАҚТАҒА БІР СӨЗ НЕМЕСЕ САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫН ЖАЗЫП, ОҚУШЫЛАРҒА ЖАЗЫЛҒАН СӨЗДЕН ПАЙДА БОЛҒАН ПІКІРЛЕРІН ЖАЗУДЫ НЕ АЙТУДЫ ҰСЫНАДЫ.

МЫСАЛЫ: **«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ»** СӨЗІНЕ АССОЦИАЦИЯ СӨЗДЕР ҚҰРАСТЫРАДЫ, НӘТИЖЕСІНДЕ «ГИПОДИНАМИЯ. СЫМБАТТЫҢ БҰЗЫЛУЫ МЕН ЖАЛПАҚТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ» ДЕП АТАЛАТЫН ЖАҢА САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫН АШУҒА БОЛАДЫ.

«БАЛЫҚ, ҚҰС, АҢ»

БҰЛ ӘДІСТІ КӨБІНЕ ҚАЙТАЛАУ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ. БАЛАНЫҢ ЖЫЛДАМ ЖӘНЕ СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАНУЫНА КӨМЕКТЕСЕДІ ДЕП ОЙЛАЙМЫН.

«БҰЛ ЖАУАБЫ БОЛСА, ОНДА СҰРАҚ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?»

ОҚУШЫЛАРҒА СӨЙЛЕМДЕР БЕРІП, ЖАУАП РЕТІНДЕ ОСЫ СӨЙЛЕМДЕРДІ АЛУ ҮШІН СҰРАҚ ҚАНДАЙ БОЛАТЫНЫН АНЫҚТАУДЫ СҰРАҢЫЗ. БҰЛ ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС СҰРАҚ ҚҰРАСТЫРА АЛУЫНА ЖОЛ АШУҒА БОЛАДЫ.

«DEAL»

D – DESCRIBE – БАЯНДАУ, СУРЕТТЕУ (ОҚЫҒАНДЫ, КӨРГЕНДІ СИПАТТАУ, СЫНАУ, ӨЛШЕУ).

E – EXPLAIN – ТҮСІНДІРУ (ҚҰБЫЛЫС НЕМЕСЕ ОҚИҒА БОЙЫНША НЕ БІЛЕТІНДЕРІН, ТҮСІНГЕНДЕРІН СУРЕТТЕУ).

A – ANALYSE – ТАЛДАУ (АҚПАРАТТЫ ТАЛДАУ, ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ, СЕБЕПТЕРІН АТАУ).

L – LINKS – БАЙЛАНЫС (БОЛЖАМДАР НЕМЕСЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ, ӨЗІНДЕ БАР БІЛІММЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ). БҰЛ ӘДІСТІ САБАҚ БАРЫСЫНДА ЖӘНЕ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАСАҒАНДА ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ.

СОНЫМЕН ҚАТАР **ЦИФРЛЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРГЕ** ДЕ ТОҚТАЛУҒА БОЛАДЫ.
БІРІНШІ ӘДІС - [HTTPS://BIOUROKI.RU/WORKSHOP/CROSSGEN.HTML](https://biouroki.ru/workshop/crossgen.html)

ЕКІНШІ ӘДІС - **LEARNING APPS** — ИНТЕРАКТИВТІ МОДУЛЬДЕР (ҚОСЫМШАЛАР, ЖАТТЫҒУЛАР) АРҚЫЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША. БҰЛ ОНЛАЙН-СЕРВИС МОДУЛЬДЕР ҚҰРУҒА, ОЛАРДЫ САҚТАУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА, ПЕДАГОГТЕР АРАСЫНДА ЕРКІН АЛМАСУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

[HTTPS://YOUTU.BE/BUF9E4NRXVU](https://youtu.be/BUF9E4NRXVU)

ҮШІНШІ ӘДІС - **PADLET – ВИРТУАЛДЫ ТАҚТАСЫ** КЕЗ-КЕЛГЕН УАҚЫТТА ҚАРАУ ҮШІН ҚОЛ ЖЕТІМДІ БОЛАТЫН ВИРТУАЛДЫ ТАҚТА. БЕЛГІЛІ БІР ТАҚЫРЫП БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАРДЫ БІРЛЕСІП ЖИНАУ ҮШІН ВИРТУАЛДЫ ТАҚТАНЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ. ОҚУШЫЛАР БІР УАҚЫТТА БАРЛЫҚ СЫНЫПТАРДА ЖӘНЕ ТОПТАРДА ЖҰМЫС ЖАСАЙ АЛАДЫ. БАРЛЫҚ РЕСУРСТАР БІР ЖЕРДЕ ЖИНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШҚАШАН ЖОҒАЛМАЙДЫ.

[HTTPS://YOUTU.BE/02VJP7IPAYE](https://youtu.be/02VJP7IPAYE)

ҚОРЫТЫНДЫ

Мұғалім сыныпқа баға қою үшін емес, балаларды шабыттандыру, ең болмағанда, ынталандыру үшін кіру керек. Әр сабаққа шабыттанып кіріп, қанаттанып шыққан мұғалім – бақытты.

Дәл осы сәт жаңа форматтағы мұғалімнің қалыптасу кезеңі. Өз еңбегіңізді тек ізденісте ғана көруге болады. Жаңа заман талабына сай «жаңа форматты мұғалім» атану әр мұғалімнің міндеті.

Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.